

МУЗЫКАЛЫҚ-ЭПИКАЛЫҚ ДӘСТҮРДІҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ
THE EPIC MUSICAL TRADITION DEVELOPMENT STAGES

Б.Ж.ОСПАНОВ*
Д.Н.ЕЛЬЖАНОВ**

Түйіндеме

Музыкалық-эпикалық дәстүр ел тарихы мен ата-баба дәстүріне негізделуімен айқындалады. Батырлық жырларда айтатын болсақ бұнда батырлықты паш ететін көлемді жырларды жырлайды. Бұнда қаһармандық жырлар этникалық тарихқа арқау болып, ұрпақтан - ұрпаққа жалғасып дамыған. Бұндай құбылыс жыр-дастандардың әдеби сөзі мен музыкалық мақамына қатысты. Негізінен эпикалық - дәстүрді жалғастырудың маңыздылығы осындай ерекшеліктерінде болып табылады.

Кілт сөздер: музыкалық-эпикалық дәстүр, мақам, батырлық жырлар.

Summary

The epic musical traditions of the country shall be determined by the feasibility study of the history and traditions of the ancestors. As for the poems of the heroic courage of a volume of poems revealed sings here. Here is the basis of ethnic history of the heroic tales passed from generation to generation continues developed. This phenomenon of poetry and literary dastans words and music on the theme of some. Basically epic - is continuing the traditions of the importance of these features.

Keywords: the epic musical tradition, rhythm, heroic poetry.

Дәстүр ғасырлар бойы қалыптасқан әдет - ғұрып, салт-сана, өмір мен поэзияның өмір сүру аясы. Ол. Әдетте. ел тәжірибесіне сүйенеді. Осыдан келіп жыраулық дәстүрдің ұлттық сипаты деген ұғым туады. Бүгінде Қазақстанның кейбір аймақтарында ғана сақталып, оның өткеніне, көне сарындарына қатысты мәліметтер жеткізетін бұл қазынамыздың ұлттық тарихымызға, мәдениетіміз бен өнерімізге, әдебиетімізге қатысы аса зор. Ғылым тілінде мұны ұлттық сипат десек, сол ата-бабаларымыздың рухымен жеткен дәстүрден көз жазып қалмау үшін оны дамытып, жетілдіріп отырудың қажеттілігі айқындалады.

* Өнертану кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Түркістан-Қазақстан.

Candidates Arts study. International K.A.Yassawi Kazakh-Turkish University. Turkestan-Kazakhstan
dania1_1961@mail.ru

** Аға оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Түркістан-Қазақстан

Senior Lecturer, International K.A.Yassawi Kazakh-Turkish University. Turkestan-Kazakhstan.
eljan_77@mail.ru

Кезінде қабылданған «Қазақстан Республикасында мәдени-этникалық білім беру тұжырымдамасында» (1996) көрсетілген бұл мақсаттарды жүзеге асырудың маңызы айрықша зор [1, 22].

Жыраулық өнерді зерттеу, игеру барысында бірқатар іс-шаралардың атқарылып жүргені мәлім. Эпикалық дәстүрді зерттеушілер жыраулық өнерге қатысты түрлі терминдер қолданып келеді. Осы мәселеге орай қалам тартқан көрнекті ғалым Т.Қоңыратбай: «Зерттеушілер тарапынан «жыраулық дәстүр», «жыраулық поэзия», «жыршылық өнер» деген тіркестер қолданылып келеді. Бірақ осы ұғымдардың бір-бірінен айырмасы, болмас бір-бірімен сабақтастығы әлі күнге арнайы сөз болған емес», - деп жазғанды.

Бүгінгі жыраулық өнерді сақтап қалған бірнеше географиялық аймақ белгілі. Олар: Атырау өлкесі, Сыр бойы және Жетісу аймағы. Географиялық негізінде бұл аймақтарды Батыс, Оңтүстік және Оңтүстік шығыс деп бөлуге болады. Солардың арасынан сонау оғыз мәдениетінің қалдығы сақталған. Сыр өлкесін айрықша атауға болар еді. Мұндағы жыраулық өнердің негізгі ерекшелігі дыбысты дірілдетіп шығару арқылы орындау. Оны ел арасында маңырама деп атаса, біз оның әдеби баламасын қолданып, аңырама деп атағанды жөн көрдік. Бір қызығы, дәл осы орындау стилі түрікмен халқының музыкалық-эпикалық дәстүрінде әлі күнге дейін жақсы сақталған. «Оғыз ұзандарынан жеткен бұл дәстүр әсіресе Тахтакөпір жағында тұратын түрікмен-саррықтарға тән» еген Т.Қоңыратбай бұл мәселені одан әрі тарқата келіп: «Түрікмен бахшылары-секдірмек, қазақ жыраулары-айырама деп атайтын дәстүр осы», - деп өте дұрыс жазған [2,28].

Осыдан жуық пікірді белгілі түрікмен зерттеушісі Ш.Гуллиев еңбектерінен де кездестіреміз. Өз халқының айтушыларын бахши және ашуг деп жіктеген ғалым, олардың ерекшеліктеріне де мән берген. Түрікмен халқының музыкалық мәдениетіне келгенде ғалым: «Основными носителями туркменской профессиональной музыки устной традиций являются бахши (певцы-сказители, сопровождающие исполнение на дутаре) и сазанда (исполнители на народных музыкальных инструментах: дутаре, гиджаке, гаргы тойдуке, дилли туйдуке), своеобразное и неповторимое искусство которое формировалось в результате усвоения ими передающихся от поколения к поколению, от мастера к ученику изустным путем многовековых художественных традиции и их дальнейшего

усовершенствования в живой исполнительской практике», - деп жазды [3].

Түрікмен бахшылары көлемді жырларды орындағанда мойын тамырлары біреуленіп, дауысты тамағынан шығарып айтатын болған. Кезінде В.Беляев пен В.Успенскийлер секдірмек деп атаған орындаушылық дәстүрі сол. Олай болса, Т.Қоңыратбай мен Ш.Гуллиев көрсеткен қазақ-түрікмен мәдениетінің тарихи-мәдени тектестігін білдіретін бұл ерекшеліктерді зерттеудің маңызы атап айтарлықтай [3,136].

Қазақ топырағындағы музыкалық-эпикалық дәстүрдің өзіндік ерекшеліктері де аз емес. Мысалы, бір ғана Сыр бойында бірнеше жыраулық мектептердің болғаны байқалады. Бірі - Қармақшы жеріндегі оғыз-қыпшақ дәуірінен саға тартатын көне эпикалық дәстүр, екіншісі - Арал аймағындағы жыраулық мектеп, үшіншісі - Бұдабай, Нартай, Балқашбай, Әбілаштардың жыр өнері. Көрнекті өкілдері - Балқы Базар, Қарасақал Ерімбет, Жиенбай, Тұрмағанбет, Жәмет, Дәріғұл, Кәрібоз, Сәрсенбай, Алмас, Көшеней, Рүстембек, Бидас, т.б. көптеген аты-шулы жыраулар.

Атырау аймағындағы жыраулық өнердің өзіндік ерекшеліктері байқалады. Бұл шығармалар негізінен XV-XVI ғ. оқиғасын қамтитын ноғайлы дәуірінің оқиғаларына негізделген. Осы белгілері олардың жанрлық ерекшеліктерін тудыратын секілді.

Жетісудағы жыр өнерінің дүлдүлдері - Сүйімбай, Жамбыл, Кенен. Дәл осы суырып айтушы өнерпаздардың есімімен бүтін бір аймақтың жыршылық өнерінің кескін-келбеті айқындалады. Қазақ жеріндегі эпикалық дәстүрге тән аймақтық ерекшеліктер әлі күнге арнайы зерттелген емес.

Осыған орай «жыраулық дәстүр» дегеніміз не - деген сауалға әлі күнге дейін толымды жауап берілген емес. Әдебиет зерттеушілері оны көркем ой көрінісі - поэзия ретінде зерттеп, өлі мәтін ретінде қарастырады. Ал музыка мамандары оны өнердің еңселі бір арнасы ретінде қарастыра қойған жоқ.

Қазақ халқының музыкалық-эпикалық дәстүрі бірнеше тарихи кезеңдерге жіктеледі десек те осы кезге дейін жыраулық өнерді түркі тайпаларының көне тарихына негіздеп зерттеген М.Мағауиннің өзі жыраулық өнерді XV-XVIII ғасырлар мен ғана шектейді.

Дұрысында жыраулық өнер өте көне құбылыс. Ол XV ғасыр мен басталып, XVIII ғасырмен аяқталмайды. Жыраулық өнер көне түркі

дәуірінен саға тартып күні бүгінге дейін дамып келе жатқан тарихи мәдени құбылыс.

Жыраулық өнер - тарихи қалыптасқан, дәстүрге ұласқан тұрақты сипатқа ие болған құбылыс. Оның түп-тегіне үңілер болсақ сонау орхон жазбаларына, оғыз дәуірінің эпикалық мұраларына көз жібереріміз анық. Ол дәуірлерден жеткен музыкалық мақам үлгілері болмаса да, жазба ескерткіштер жоқ емес. Солардың бірі - «Қорқыт ата кітабы».

Түркітану ғылымында бүгінгі Сыр бойындағы эпикалық дәстүрдің оғыз дәуірімен байланысы жиі айтылып келеді. IX-X ғасырларда оғыз тайпаларының Сыр бойын мекендегені анық. Сол дәуірден қалған музыкалық-эпикалық дәстүр күні бүгінге дейін өзінің байырғы қалпын сақтап, стильдік ерекшеліктерімен дараланып келеді. Бұл әсіресе Қорқыттың сүйегі жатқан Қармақшы жеріндегі жыраулық өнерге тән құбылыс.

Жыраулық, жыршылық өнер ғасырлар бойы қалыптасып, өзіндік музыкалық-эпикалық репертуар тудырған мәдени құбылыс. Оның тағы бір ерекшелігі, өзіне тән музыкалық-эпикалық репертуары, музыкалық әуені мен орындау ерекшелігі болуымен қатар белгілі бір этникалық топқа қатысы туралы мәліметтер сақталған. Сюжет көркемдік тұрғыдан жетіліп қайта жырланып отырса да, ондағы тарихи-этнографиялық деректер әдетте тұрақты келеді. Қорқыт - Оғыз, Ер Тарғын - Ноғайлы тайпаларының батырлары. Бұл жырлардың еларалық немесе қазақ арасындағы нұсқалары болса да олардың этнологиялық, этнографиялық сипаты тұрақты. Кейбір қазақ ғалымдары дәстүрді бір ғана көркем құбылыс деп білсе, оның негізінде бір ғана сюжет қуу, мәтінінің мазмұны баяндай жатқаны анық. Олардың пайымдауынша, сюжет қозғалмалы категория. Ол үнемі толығып, түлеп, өзгеріп отырады-мыс.

Эпикалық дәстүр аясында жеткен эпикалық жырлардың қандай белгілері тұрақты, қайсысы өзгермелі деген мәселелер де толыққанды зерттелмеген. Орыс эпостану ғылымында В.Я.Пропп, Б.Н.Путилов ұсынған методологиялық арналардың қазақ фольклортану ғылымынан кең орын табуы мұндай өзекті мәселеден гөрі бірыңғай поэтикалық жүйенің үстемдігіне жол ашқаны бар. Сол негізде қазақ жыр-дастандарының ұлттық сипаты, қазақ мәдениетіне қатысы назардан тыс қалды. Айталық, Байсын (Жиделі Байсын)-қоңырат, Қараспан (Қаратау) - қыпшақ тайпасының ата қонысы болады да тұрады. Оның сыры неде? Біз айтар едік, жырдағы өзгерістер көбіне поэтикалық

шеберлікті, түрлі образдау тәсілдерін қажет ететін батырдың ерлік істері, астындағы атының жойқын шабысын суреттеген тұстарда ғана байқалады. Оның тағы бір дәлелі, жырдың түрлі нұсқауларында мұндай эпизодтар көлемінің бірде қысқа, бірде ұзын болуында.

Дәстүр шеңберінде эпостық жырларды баяндаудың белгілі композициялық жүйесі де қалыптасқан. Соған орай тұрақты мотивтер де кездесіп отырады. Мысалы, жыр оқиғалары «Баяғы өткен заманда» деп басталып, одан әрі: шал мен кемпірдің баласыздығы; әулие-әнбиелерге сыйынуы; кемпірдің арыстан, жолбарыс етіне жерік болып, ұл (қыз) тууы; батырдың ерекше туысы; сағат, күн санап өсуі, өзге елге барып батырлық сайысқа түсуі; қалыңдықты батырлық сайыста жеңіп алуы; жорыққа аттануы; елін жау шабуы; батырдың елін, әке-шешесін азат етуі, мұрат-мақсатына жетуі болып отырады.

Мұны бір ғана типологиялық желі емес, оқиға дамуының логикалық жүйесі деуге де толық негіз бар. Мұндай ұқсастық сырын эпикалық дәстүрмен ғана түсіндіруге болар еді. Осыған орай оның екі түрлі сипатын атап көрсетуге болады: бірі - тарихи - этнографиялық, екіншісі - көркемдік-поэтикалық. Бірақ мұнымен жыраулық өнердің болмыс бітімі толық айқындалмайды. Осыған жыраулық өнер аясында жеткен музыкалық мақам-саздардың тарихылығын да қосамыз. Поэзиялық образ бен музыкалық образдың арақатынасынан туындайтын мұндай күрделі проблема қазақ ғылымында әлі күнге сөз болған емес. Ал Б.Асафьев болса кезінде поэтикалық бейне мен музыкалық образдың бір-біріне сай еместігін айтқан" [4,12].

Бүгінде жыраулық өнерді жалғастырушы мамандар жоғары оқу орындарының жанынан даярлана бастады. Олар синкреттік құбылысты тұтас күйінде зерттеуге жол салып отыр. Осы жайларды түйіндей келгенде жырауға тән мына қасиеттерді саралауға болар еді.

Біріншіден, жырау - шығармашылық тұлға. Оның бойында ақындық, сазгерлік, орындаушылық қасиеттер қатар жүреді.

Екіншіден, жырау қазақ даласында сақталған жыраулық мектептер мен оларға тән мақам-саздарды жетік біледі. Осы негізде орындап отырған шығармалардың қай дәуір, қай аймақ, қандай көркемдік стильге қатысын аңғаруға мүмкіндік тумады. Тарихи-этникалық сипаты басым жыр-дастандарды уақыт, кеңістік категорияларынан тыс алып, бір ғана көркем шығарма ретінде қарастырумен таным түгелденбейтінін профессор Т.Қоңыратбай өте орынды ескерткен.

Үшіншіден, жырау - эпикалық дәстүрдің негізгі сақтаушысы әрі дамытушысы. Ол қазақ поэзиясына тән 7-8 және 11 буынды

өлшемдермен қатар, сол өлшемдерге сай музыкалық мақам үлгілерімен де жете таныс тұлға. Мақам бұрын ба, әлде поэзиялық өлшем бе, деген сауалға әдеби ағымдағы ізденістер толық жауап бере алған емес.

Төртіншіден, жыраулардың негізгі музыкалық құралы - қобыз бен домбыра.

Бесіншіден, жырау өз елінің тарихы, мәдениеті, әдебиеті және музыкасынан хабардар тұлға. Тек осы негізде олар өткен дәуір оқиғаларын, көне сюжеттерді жаңғыртуға мүмкіндік алған.

Жырау - этнограф, яғни қазақ тарихы мен мәдениетінің жарқын беттерін өз өнері арқылы кейінгі ұрпаққа жеткізуші тұлға. Осы шежірешілдік қызметін мүлтіксіз атқару үшін жырау өз халқының тарихы - мәдени мұрасының үлкен жанашыры болуы қажет.

Мұның бәрі М.Мағауиннің жырау тұлғасына қатысты пікірлерімен ұштасып жатқан анықтамалар. Алайда ғалымның жырауды көбіне поэзия өнерінің өкілі ретінде қарастыруы даулы.

Мысалы, бір сөзінде М.Мағауин: «Жыраудың жыраулығының ең басты белгісі-ақындық. Яғни өз жанынан өлең шығарғыштық қабілетінің болуы. Жырау деген атаудың өзінің «жыр» сөзінен шыққандығы күмән туғызбайды»-дейді [5,61].

Жалпы жырау ұғымының «жыр» сөзімен байланысы анық. Бірақ жырау - ақын ғана емес, сонымен бірге музыкалық мақамды шығарушы әрі орындаушы. Бұл ерекшеліктерін алып тастар болсақ, жырау тұлғасына тән қасиеттер толық анықталмаған болар еді.

Жыраулық поэзия оның даму кезеңдеріне қатысты сабақталған. Бұл жөнінде С.Қасқабасов пікірлерінің де мәні аса елеулі. Автордың: «Жыраулар поэзиясындағы ең басты тақырып Қазақ хандығын құрған ру мен тайпалардың татулығы мен бірлігі және мемлекетті нығайту мен оның жауынгерлік күшін арттыру болды» [6].

Дегенмен, жыраулық дәстүр тұсында көбіне оның көркемдік-поэтикалық сипаттарына мән беру басымырақ байқалады. Оның сынаржақтығын И.Земцовский мен А.Құнанбаевалар орынды көрсетіп: «То, что обычно считается в литературоведении и фольклористике эпическим (по сюжету и образности), то в разных фольклорных традициях исполняется на мелодии самого различного типа (речитативные, песенные, в танце и вне его, с инструментом и без и т.п.). С другой стороны и то, что обычно в литературоведении и фольклористике не считается эпическим, может исполняться с напевами, явно относящимися в данной традиции к эпическому музыкальному стилю. Мы не можем закрывать глаза на подобные

факты. Мы должны исходить из той фундаментальной предпосылки, что музыкальный эпос-как жанрово-стилевая очевидность-представляет собой не только научно актуальную категорию, но реально-исторический феномен».

Дұрысында, жырау - синкреттік тұлға, өнерді тудырушы әрі дамытушы. Жыраулар өздерінің қоғамдағы қызметін өнер емес, ел естелігі, ата-баба тарихын кейінгі ұрпаққа жеткізуші тұлға ретінде түсінген. Сондықтан ондағы көркемдік арнаны келе-келе туған құбылыс деп білген жөн. Сыр бойындағы жыраулардың репертуарында мақамдар көптеп кездеседі. Мақам араб тілінен аударғанда тұрақ дегенді білдірсе, түріктерде мақам ладтық жүйені құрайды.

Жыраулық өнердің басты белгілерінің бірі - музыкалық мақамы. Мақам жоқ жерде жыр да жоқ. Қазақ топырағында сақталған эпикалық дәстүрлерге тән түрлі мақамдар болса, олар стильдік тұрғыдан зерттелген емес..

Солардың бірі - маңырама. Бұл Сыр бойындағы дәстүрге тән құбылыс. «Маңырама» дегеніміз не: жанр ма, стиль ме, дәстүр ме? Эпикалық дәстүрге сүйеніп айтар болсақ, бұл үшеуінің де өзіндік орны жоқ емес. Тарихи-диахрондық деңгейден келгенде, маңырама - дәстүр, стилдік тұрғыдан қарастырғанда-жанр, ал жанрлық деңгейден оның ерекшелігін айқындайтын стиль. Демек, «маңырама» дегеніміз оғыз дәуірінен жеткен музыкалық интонациялық құрылым: әрі стиль, әрі жанр, әрі дәстүр. Термин табиғатына келгенде Т.Қоңыратбай оны «маңырама» емес, «аңырама» деп атағанды жөн санайды. Бұл - атаудың әдеби сипатын ескеру.

Сыр бойында сақталған музыкалық-эпикалық дәстүрдің қазақ мәдениеті үшін маңызы зор болса да, оны арнайы зерттеп, зерделеп жатқан мамандар байқала бермейді. Бұл біздің эпикалық мұрамызға да тән кемшілік.

Бүгінгі музыкатану ғылымында «маңырама» музыкалық-интонациялық мағынада қолданылып келеді. Басқаша айтқанда, «маңырама» - музыкалық лексика үлгісі.

Біздің бұл тұтастығымыз - жырау, жыршы типінің шыққан кезеңін анықтап, жыраулық өнердің қалыптасу кезеңдері туралы ұғым түсінік беру. Сонымен қатар жыраулық өнерді оқып игерудің жолдары мен әдіс тәсілдерін үйрету болып табылады.

Жыраулық өнер-мәдени-музыкалық құбылыс. Айтулы жыраулар үнемі ел ортасында, халықпен аралас жүреді. Жыраулар типі өте ерте

дәуірлерде қалыптаса бастаған. Алғаш бұл қызметті бақсы, балгерлер, шамандар атқарған. Жыраулық өнердің қалыптасуы бірнеше кезеңдерден тұрады. Олар: бақсы-шаман-ұзан-жырау-жыршы-термеші, т.б. Міне, осы кезеңдерді жеке-жеке игерудің ғылыми таным үшін маңызы зор.

Екіншіден, жыраулық өнердің табиғаты туралы зерттеулермен танысып, оларды ғылыми-танымдық негізде бір ізге келтіріп жүйелеу қажет. Ол қай кезеңде жыраулық өнер, қай дәуірде жыраулық поэзия, қай ғасырда жыршылық өнер деген атауға ие болған? Осы мәселелерді анықтау барысында көптеген мәселелердің басы ашылары анық.

Жыраулық өнерді зерттеп игеру ісін есімдері мәшһүр жырау-жыршылардың әдеби-музыкалық мұрасын оқыту арқылы да жүзеге асыруға болады. Бұл ретте Қорқыттың музыкалық мұрасының орны бөлек. Ол әрі жырау, әрі бақсы. Қорқыт шығармалары – оғыз елінің үлкен тарихи мұрасы. Қорқыт арқылы бүкіл қазақ, түркімен, әзірбайжан, анадолы халықтарының тарихи-мәдени тектестігін анықтауға да жол ашылады. Өнер неғұрлым көне болған сайын оның тараған аймақтары да көп болып келеді. Себебі мұндай құрылыстың негізінде тарихи-генетикалық яғни туыстық, қандастық байланыс жатады.

Қазақ мәдениетін жасаушылар типін игеру үшін олардың атауларын игерудің маңызы зор. Е.Тұрсыновтың «Қазақ ауыз әдебиетін жасаушыларының байырғы өкілдері» (1976) атты еңбегінде жырау, жыршы, ыр, жыр, әнші, термеші, ақын атауларының мән мағынасы қарастырылған" [7, 25]. Осы атаулардың этимологиясы, семантикасын игеру арқылы олардың қалай жасалғанын және нендей мағына білдіретінін анықтауға болады.

Мысалы, автор «ақын» атауы «жырау» сөзінен бұрын туған деп, ақындық өнер жыраулық өнерден көп бұрын туған деген пікірді жақтайды. Егер біз осындай мәліметтерді қаз қалпында қабылдайтын болсақ онда ғылыми әдістерді сыни тұрғыдан игермеген болар едік. Мұндай мәселелерде негізсіз пікір айтатындар да болады.

Ақын атауы Абай поэзиясымен байланысты. Бұл сөз жазба әдебиет өкілдеріне бағышталған. Е.Тұрсынов болса оны көне дәуірлерге жіберген. Сонда ақын типі жыраудан бұрын туған болып шығады. Алайда жыраудың өте ерте туғаны, олардың әскербасы, тіпті елбасы, бақсы, балгерлік қызмет атқарғаны ғылымда дәлелденген.

Әрбір атаудың құрылымы мен мағынасы болады. Бұл мәселелер

Ә.Марғұлан, Б.Уахатов, Е.Ысмайылов, З.Ахметов, Е.Тұрсынов, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде зерделенген [8,96].

Жыраулық өнер XV-XVIII ғасырлар көлемінде қалыптасса, жыршылық өнер XIX-XX ғасырлар жемісі. Соңғысы көбіне жаттап айтушы кәсіпкерлер типіне қатысты термин. Олардың арасында Майлы қожа, Базар, Кете Жүсіп, Омар Шораяқұлы сияқты суырып айтатын импровизаторлар да болды. Сонымен бірге белгілі бір ақындардың сөзін терме дәстүрінде орындайтын өнер иелері де болуы мүмкін. Жыршылық өнер туралы сөз болғанда олардың жеке басына тән қасиеттерді бір ғана белгімен шектеуге болмайды.

Импровизация – қазақ мәдениетінің маңызды бір белгісі. Арғы дәуірді былай қойғанда оның ізі бүгінгі өнерімізден де табылып келеді. Сондықтан жыршылық өнердің өрісі тар мәдени құбылыс, ескірген нәрсе деп қабылдауға мүлде болмайды. Сондықтан *жыршылық өнер* деген ұғымның қандай мағына беретінін, әлі күнге дамып келе жатқан тірі мәдени процесс екендігін түсінудің маңызы зор. Бүгінгі тағылымы жоқ әндердің көбінен жыр, терме, ондағы тәрбиелік мазмұнның маңызы басым.

Жыршылық өнер туралы сөз болғанда оның импровизациялық сипатынан туындайтын екі түрлі қасиетін айтамыз: біріншісі – музыкалық, екіншісі – поэзиялық арқауы. Соңғы поэзиялық ерекшеліктерінен туындайтын тағы бір сипаты – риторика. Бұл – сөз өнері, жырау-жыршының сөз саптау ерекшелігі [9].

Жырау, жыршы немесе сөз айтушы – импровизатор. Яғни ол табан астында суырып айтатын әдеби-мәдени тұлға. Жырау шеберлігі оның белгілі бір тақырыпты, сюжетті музыкалық мақамға салып, өзіндік сөз өрнектерімен жеткізе алуымен айқындалады. Олай болмаған жағдайда айтушы жырау емес, жыршы. Сондықтан бүгінгі ғылыми әдебиетте ақындығы жоқ айтушылар типін жыршы деп атау бел алып келеді.

Е.Ысмайылов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, Е.Тұрсынов т.б. ғалымдардың еңбектерінде жыраулық және жыршылық өнердің түрлі проблемалары қарастырылған. Олардың бәрі дерлік жырау тұлғасына тән бірнеше белгілерді атап көрсеткен.

Бүгінде фольклортану, түркітану ғылымында орта ғасырлардағы оғыз-қыпшақ мәдениетіне қатысты зерттеулер аз емес. В.В.Бартольд, А.Н.Кононов, В.М.Жирмунский, С.Агаджанов, Х.Көрұғлы, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Т.Қоңыратбай, т.б. ғалымдар оғыз-қыпшақ мәдениетін түрлі қырынан қарастырды. 1986 жылы оғыз тайпасының ұлы мұрасы «Қорқыт ата кітабы» жазбасының тұңғыш

рет қазақ тіліне аударылуы соның айғағы. Бүгінгі түркітану ғылымында оғыздардың IX-X ғасырлардағы атамекені ретінде Сырдың төменгі ағысы аталып келеді. С.П.Толстов еңбектеріндегі оғыз елінің тұрағы – Жанкент (Жаңакент). Осының бәрі Сыр бойындағы музыкалық-эпикалық дәстүрдің түп-тамырын оғыз дәуірінен іздеуге негіз болады [10, 63].

Қазіргі кезеңде жыраулық дәстүрді әдебиетші ғалымдар поэзия жағынан зерттесе, өнертану саласында түркі халықтарына ортақ күрделі жырларды, тұтастай жыр мақамдарын нотаға түсіру арқылы олардың ортақ стильдері мен генін анықтауға ден қояды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы туралы*. Қазақстан Республикасы Президентінің өкімі, Астана, 1996 ж. 15 шілде №3058
2. Қоңыратбай Т. *Эпос және этнос: қазақ эпосы және оның этникалық сипаты*/ Алматы, Ғылым, 2000. - 266 б.
3. Гуллыев Ш. *Туркменская музыка*. –Алматы, 2003.
4. Асафьев Б.В. *Музыкальная форма как процесс*, кн. 1–2. Л., 1971
5. Мағауин М. *Шығармалар жинағы*: Он үш томдық. 1960-2002 ж. 6 том. – Алматы, Қағанат, 2002. – 742 б.
6. Қасқабасов С.А. *Жан азық*. Астана 2000
7. Тұрсынов Е. *Қазақ ауыз әдебиетін жасаушыларының байырғы өкілдері»* (1976) Алматы 1982, 22 б.
8. *Қазақ әдебиетінің тарихы: жоғары оқу орындарына арналған оқулық*. Редакторы Қирабаев С., 2002. –410 б.
9. Ыбыраев Ш. *Эпос әлемі*. Алматы, 1993.
10. Толстов С.П. (отв.ред) *История народов Узбекистана. Том 1. С древнейших времен до начала XVI века*. Тошкент 1980, 236 б.